**«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының**
**Акциялар шығарылымы жобасына енгізілген**

# № 7 ТОЛЫҚТЫРУЛАР

**(«Банк ЦентрКредит» АҚ)**

**«Банк ЦентрКредит» АҚ**
**акционерлерінің 2006 жылғы**
**26 мамырдағы жалпы жиналысында**
**бекітілген**

**«Банк ЦентрКредит» АҚ**
**Директорлар кеңесінің**
**2006 жылғы 5 мамырдағы**
**№ 190 қаулысымен**

**«Банк ЦентрКредит» АҚ**
**Басқармасының 2006 жылғы**
**3 мамырдағы № 389 шешімімен**
**мақұлданған**

# «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ АКЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛАТЫН КЕЗДЕ БАНК АКЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰНЫН БЕЛГІЛЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

**1. Жалпы қағидалар**

1.1 Осы Әдістеме Қазақстан Республикасының заңнамасына және "Банк ЦентрКредит" АҚ (бұдан кейін – "Банк") Жарғысына сәйкес әзірленген және Банктің өзі орналастырған акцияларын сатып алу тәртібі мен сатып алынатын акциялардың құнын белгілеу әдістемесін белгілейді.

1.2. Осы әдістемеде төмендегі ұғымдар қолданылады:

*акционер* – акциялардың иесі болып табылатын тұлға;

*акция* – акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд алу және қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген басқа да құқықтарды растайтын баға қағаз;

*жеке есепшот бойынша жазбаша үзінді* – бағалы қағаз болып табылмайтын, тіркеуші немесе атаулы ұстаушы беретін және тіркелген тұлғаның шығарылған бағалы қағаздар бойынша белгілі бір уақыттағы құқықтарын растайтын құжат;

*тіркеуші* – бағалы қағаздарды ұстаушылардың реестрлер жүйесін қалыптастыруды, сақтауды және жүргізуді жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы.

**2. Банктің орналастырылған акцияларын сатып алу негіздері**

***Орналастырылған акцияларды Банктің бастамасымен сатып алу***

2.1. Орналастырылған акцияларды акционердің келісімімен Банктің бастамасы бойынша осы әдістемеге сәйкес кейін оларды сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің Жарғысына қайшы келмейтін басқа мақсаттарда сатып алуға болады.

2.2. Егер "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңның және (немесе) Банктің Жарғысында басқаша көзделмесе, онда Банк орналастырылған акцияларды өз бастамасымен Директорлар кеңесі шешімінің негізінде сатып алады.

2.3. Банк:

- Акцияларды орналастыру қорытындысы туралы есепті бекіткенше;
- егер акцияларды сатып алудың нәтижесінде қоғамның меншікті капиталының мөлшері Қазақстан Респубюликасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңында белгіленген ең кіші жарғылық капитал мөлшерінен кем болып қалса;
- егер акцияларды сатып алатын сәтте Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем жасауға қабілетсіздік әлде дәрменсіздік белгілері байқалса немесе осы белгілер барлық қажетті не сатып алу болжалданған акцияларды сатып алудың нәтижесінде туындайтын болса;
- егер сот немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса;
- егер осындай сатып алу уәкілетті орган белгілеген іс жүргізу нормативтерінің және орындау үшін міндетті нормалар мен лимиттердің кез келгенін бұзуға негіз болатын болса,

өзінің орналастырылған нороматившерін сатып ала алмайды.

2.4. Егер Банктің өз бастамасымен сатып алып жатқан орналастырылған акцияларының саны олардың жалпы санының бір пайызынан артық болса, онда акцияларды сатып алу-сату мәмілесін (мәмілелерін) жасаған сәтке дейін Банк осындай сатып алу жөнінде өз акционерлеріне хабарлауға міндетті.

2.5. Өзінің орналастырылған акцияларын сатып алатыны туралы хабарламада сатып алынатын акциялардың түрлері, саны, бағасы, мерзімі және сатып алу талаптары туралы мәлімет көрсетілуі керек, хабарлама Банктің Жарғысында белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиісті.

2.6. Өзінің меншігіндегі Банк акцияларын сатқысы келетін Банктің акционері өзіне тиесілі акцияларды сатып алуын сұрап Банкке өтініш береді.

2.7. Акционердің өз меншігіндегі акцияларын сатып алу жөніндегі Банкке өтініші жазбаша түрде баяндалып, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасау туралы ұсыныс анық және бір мәнде берілуі керек және онда акционер сатуға ұсынатын акциялардың саны, сату бағасы, Банктің акцияларды сатып алатыны туралы хабарламасына сілтеме және мәміленің басқа да негізгі талаптары, сондай-ақ акционердің мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілуі керек. Өтінішке қосымша сатып алуға өтініш берілген күнгі жай-күйі бойынша тіркеуші (атаулы ұстаушы) берген акционердің жеке есепшоты бойынша жазбаша үзінді берілуі керек.

2.8. Егер акционерлер сатуға ұсынған Банктің орналастырылған акцияларының саны Банк сатып аламын деп жариялаған акциялар санынан артық болса, онда бұл акциялар акционерлерден олардың меншігіндегі акциялар санына пропорциялы түрде сатып алынады.

2.9. Акцияларды сатып алу туралы шешім қабылданған жағдайда, өзінің меншігіндегі акцияларын сатып алуға ұсыныс жасаған акционерге Банктің оның акцияларын сатып алу жөнінде шешім қабылдағаны туралы және акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеу үшін қажетті құжаттардың тізімі көрсетілген хабарлама жіберіледі.

2.10. Қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен Тараптар арасында Сатып алу-сату шартын жасау және акцияларды сатып алу-сату жөніндегі мәмілені тіркеу арқылы Банк акцияларын сатып алады. Акцияларды сатып алу-сату шартында сатып алынып жатқан акцияларға қолма-қолсыз төлем жасау үшін ақша аударуға қажетті акционердің банктік реквизиттері немесе акционерлер өздері сатқан акциялардың төлемі ретінде қолма-қол ақша алатын жер (жеке тұлға акционерлер үшін) туралы мәліметтер міндетті түрде көрсетілуі қажет.

***Акционердің талабы бойынша Банктің орналастырылған акцяларды сатып алуы***

2.11. Банк акционердің төмендегі жағдайларда берілуі мүмкін талабы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алуы қажет:

- акционерлердің жалпы жиналысы Банкті қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған жағдайда (егер акционер Банкті қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, оған қарсы дауыс берген болса);
- Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңында және Банктің Жарғысында белгіленген тәртіпте қабылданған ірі мәміле жасау туралы шешіммен

және (немесе) Банк жасауға мүдделі мәміле жасау туралы шешіммен келіспейтін болса;

- Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жарғысына осы акционердің меншігіндегі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізген болса (егер акционер акционерлердің осындай шешім қпабылданған жалпы жиналысына қатыспаған болса немесе ол осы жиналысқа қатысып, осындай шешім қабылдауға қарсы дауыс берген болса).

2.12. Акционер акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен бастап отыз күн ішінде Банкке жазбаша хабарлама жіберу арқылы өзінің меншігіндегі акцияларды сатып алуды Банктен талап етуге құқылы.

Осы өтінішті алған күннен кейінгі отыз күн ішінде Банк осы Әдістемеге сәйкес акционерден акцияларды сатып алуға міндетті.

2.13. Осы Әдістеменің 2.11-тармағында көрсетілген негіздер болмаған жағдайда, сондай-ақ заңнамада белгіленген және Банктің өзі орналастырған акцияларын сатып алуына тыйым салатын басқа да жағдайларда Банк акционерден акцияларды сатып алудан бас тартуға құқылы, бұл кезде ол акционерге акцияларды сатып алудан бас тартатыны және оның себептері туралы хабарлама жіберуі керек.

2.14. Акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, меншігіндегі акцияларды сатып алуды талап еткен акционерге акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасау үшін қажетті құжаттардың тізімі көрсетілген сәйкес хабарлама жіберіледі.

2.15. Қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен Тараптар арасында Сатып алу-сату шартын жасау және акцияларды сатып алу-сату жөніндегі мәмілені тіркеу арқылы Банк акцияларын сатып алады. Акцияларды сатып алу-сату шартында сатып алынып жатқан акцияларға қолма-қолсыз төлем жасау үшін ақша аударуға қажетті акционердің банктік реквизиттері немесе акционерлер өздері сатқан акциялардың төлемі ретінде қолма-қол ақша алатын жер (жеке тұлға акционерлер үшін) туралы мәліметтер міндетті түрде көрсетілуі қажет.

2.16. Егер акционерлер сатуға ұсынған Банктің орналастырылған акцияларының саны Банк сатып аламын деп жариялаған акциялар санынан артық болса, онда бұл акциялар акционерлерден олардың меншігіндегі акциялар санына пропорциялы түрде сатып алынады.

***Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуына қойылатын шектеулер***

2.17. Банк сатып алатын орналастырылған акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының жиырма бес пайызынан артық болмауы керек, ал Банктің орналастырылған акцияларын сатып алуға кететін шығыс сомасы оның меншікті капиталы мөлшерінің он пайызынан артық болмауы керек:
орналастырылған акцияларды акционердің талабы бойынша сатып алатын кезде – Банктің акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі осы Әдістеменің 2.11-тармағында көрсетілген шешімдердің біреуін қабылдаған күнгі жай-күйі бойынша;
орналастырылған акцияларды Банктің талабы бойынша сатып алатын кезде – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылданған күнгі жай-күйі бойынша.
2.17. Банк сатып алған акциялар оның акционерлерінің жалпы жиналысының кворумын анықтаған кезде есепке алынбайды және онда дауыс беруге қатыспайды.

**3. Банктің бастамасымен немесе акционерлердің талабы бойынша акцияларды сатып алатын кезде акциялардың құнын белгілеу**

3.1. Акцияларды сатып алу бағасын белгілейтін кезде Банктің Директорлар кеңесі акцияларды төмендегі әдістемелердің бірімен белгіленген баға бойынша сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы:

- Директорлар кеңесі орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған немесе акционер оларды сатып алуды сұрап өтініш берген күні "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан кейін – Биржа) ресми мәліметтерінің негізінде орташа бағам бойынша. Бұл кезде Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді бағаларды басқару үшін жасалған мәміле ретінде тану ережелерінің талаптарына сәйкес орташа бағам:
  Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған немесе акционер соған өтініш берген күннің алдындағы толық аяқталған соңғы отыз күнтізбелік күн ішінде ашық сауда әдісімен Биржа сауда-саттығында акциялармен (ақшамен) жасалған мәмілелердің жиынтық көлемінің осындай мәмілелердің жиынтық мөлшеріне (бағалы қағаздармен) қатысы арқылы есептеледі.
  Егер көрсетілген кезең ішінде акциялармен жасалған мәмілелердің саны бесеуден кем болса, онда бұл акциялардың орташа нарықтық бағасы толық аяқталған соңғы жүз сексен күн ішінде ашық сауда әдісімен Биржа сауда-саттығында акциялармен (ақшамен) жасалған соңғы бес мәміленің жиынтық көлемінің осындай соңғы бес мәміленің жиынтық мөлшеріне (бағалы қағаздармен) қатысы арқылы есептеледі;

- Директорлар кеңесі орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған немесе акционер оларды сатып алуды сұрап өтініш берген күні белгіленген бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарықтағы ағымдағы нарықтық бағасы бойынша. Бұл кезде ағымдағы нарықтық баға деп Биржаның мәліметтері бойынша Директорлар кеңесі орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған немесе акционер оларды сатып алуды сұрап өтініш берген күні жасалған соңғы мәміленің бағасы есептеледі;

- Директорлар кеңесі шешім қабылдаған немесе акционердің сатып алу туралы өтінішін қабылдаған айдың 1 күні белгіленген банктің жай акциясының (жай акцияларды сатып алатын кезде) баланстық құны бойынша. Бұл кезде баланстық құн төмендегі тәсілмен есептеледі:

$$1 \text{ жай акцияның құны} = \frac{\text{Меншікті капитал} - \text{Артықшылықты акцияның атаулы құны} - \text{Артықшылықты акция бойынша дивидендтің ықтимал құны}}{\textit{Орналастырылған жай акциялардың саны}}$$

- Банктің меншікті капиталының мөлшерін, оның даму мүмкіндіктерін, Банктің іс жүргізу нормативтерін орындауына қатысты заңнама талаптарын, сондай-ақ бағалы қағаздардың бағасын белгілеуге ықпал ететін басқа да факторларды ескере отырып белгіленген баға бойынша.

# ДОПОЛНЕНИЕ № 7
**в проспект выпуска акций**
**акционерного общества «Банк ЦентрКредит»**

**(АО «Банк ЦентрКредит»)**

Утверждено
общим собранием акционеров
АО «Банк ЦентрКредит»
26 мая 2006г.

Одобрено
Постановлением Совета Директоров
АО «Банк ЦентрКредит»
№ 190 от 5 мая 2006 года

Решением Правления
АО «Банк ЦентрКредит»
№ 389 от 3 мая 2006 г.

# МЕТОДИКА ОПРЕДЕЛЕНИЯ СТОИМОСТИ АКЦИЙ АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» ПРИ ИХ ВЫКУПЕ БАНКОМ

## 1. Общие положения

1.1 Настоящая Методика разработана в соответствии с законодательством Республики Казахстан и Уставом АО «Банк ЦентрКредит» (далее – «Банк») и определяет порядок выкупа Банком размещенных им акций и методику определения стоимости выкупаемых акций.

1.2 В настоящей методике используются следующие понятия:

*акционер* - лицо, являющееся собственником акции;

*акция* - ценная бумага, выпускаемая акционерным обществом и удостоверяющая права на участие в управлении акционерным обществом, получение дивиденда по ней и части имущества общества при его ликвидации, а также иные права, предусмотренные законодательными актами Республики Казахстан;

*выписка с лицевого счета* – документ, не являющийся ценной бумагой, выдаваемый регистратором или номинальным держателем и подтверждающий права зарегистрированного лица по эмиссионным ценным бумагам на определенный момент времени;

*регистратор* – профессиональный участник рынка ценных бумаг, осуществляющий формирование, хранение и ведение системы реестров держателей ценных бумаг.

## 2. Основания для выкупа размещенных акций банка

***Выкуп размещенных акций по инициативе Банка***

2.1 Выкуп размещенных акций может быть произведен с согласия акционера по инициативе Банка в соответствии с настоящей методикой, в целях их последующей продажи или в иных целях, не противоречащих законодательству Республики Казахстан и Уставу Банка.

2.2 Выкуп Банком размещенных акций по его инициативе производится на основании решения Совета Директоров, если иное не установлено Законом «Об акционерных обществах» и (или) Уставом Банка.

2.3 Банк не вправе выкупать свои размещенные акции:

- до утверждения отчета об итогах размещения акций;
- если в результате выкупа акций размер собственного капитала общества станет меньше размера минимального уставного капитала, установленного Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах»;
- если на момент выкупа акций Банк отвечает признакам неплатежеспособности или несостоятельности в соответствии с законодательством Республики Казахстан о банкротстве либо указанные признаки появятся у него в результате выкупа всех требуемых или предполагаемых к выкупу акций;
- если судом или общим собранием акционеров Банка принято решение о его ликвидации;

- если такой выкуп приведет к нарушению любого из пруденциальных нормативов и других обязательных к соблюдению норм и лимитов, установленных уполномоченным органом.

2.4 Если количество выкупаемых по инициативе Банка его размещенных акций превышает один процент от их общего количества, до заключения сделки (сделок) купли-продажи акций Банк обязан объявить о таком выкупе своим акционерам.

2.5 Объявление о выкупе своих размещенных акций должно содержать сведения о видах, количестве выкупаемых акций, цене, сроке и об условиях их выкупа и должно быть опубликовано в средствах массовой информации, утвержденных Уставом Банка.

2.6 Акционер Банка, желающий продать принадлежащие ему акции Банка, обращается с заявлением о выкупе Банком принадлежащих ему акций.

2.7 Заявление акционера о выкупе Банком принадлежащих ему акций должно быть изложено в письменной форме и содержать четкое и однозначное предложение о заключении сделки купли-продажи акций, указание на количество акций, которое предлагается акционером к продаже, цену продажи, ссылку на объявление Банка о выкупе акций и иные существенные условия сделки, а также адрес и контактные телефоны акционера. К заявлению должна быть приложена выписка с лицевого счета акционера, выданная регистратором (номинальным держателем) по состоянию на дату заявления о выкупе.

2.8 В случае, если количество размещенных акций Банка, заявленных акционерами к выкупу, превышает количество акций, которое объявлено Банком к выкупу, эти акции выкупаются у акционеров пропорционально количеству принадлежащих им акций.

2.9 В случае принятия решения о выкупе акций, акционеру, предложившему на выкуп принадлежащие ему акции, направляется уведомление, содержащее извещение акционера о принятии решения о выкупе Банком его акций и перечне документов, необходимых для оформления сделки купли-продажи акций.

2.10 Выкуп акций Банком осуществляется путем подписания сторонами Договора купли-продажи и регистрации сделки купли-продажи акций в порядке, установленном действующим законодательством. Договор купли-продажи акций в обязательном порядке должен содержать указание на банковские реквизиты акционера для перечисления денег безналичным путем в оплату выкупаемых акций или сведения о месте, где акционеры могут получить наличные деньги в оплату выкупаемых акций (для акционеров – физических лиц).

***Выкуп размещенных акций Банком по требованию акционера***

2.11 Выкуп размещенных акций должен быть произведен Банком по требованию акционера общества, которое может быть предъявлено им в случаях:

- принятия общим собранием акционеров решения о реорганизации Банка (если акционер принимал участие в общем собрании акционеров, на котором рассматривался вопрос о реорганизации Банка, и голосовал против нее);
- несогласия с решением о заключении крупной сделки и (или) решением о заключении сделки, в совершении которой Банком имеется заинтересованность,

принятыми в порядке, установленном Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» и Уставом Банка;

- принятия общим собранием акционеров решения о внесении изменений и дополнений в устав Банка, ограничивающих права по акциям, принадлежащим данному акционеру (если акционер не участвовал в общем собрании акционеров, на котором было принято такое решение, или если он принимал участие в этом собрании и голосовал против принятия указанного решения).

2.12 Акционер вправе в течение тридцати дней со дня принятия решения общим собранием акционеров или Советом Директоров предъявить Банку требование о выкупе принадлежащих ему акций посредством направления письменного заявления.

В течение тридцати дней со дня получения указанного заявления Банк в соответствии с настоящей Методикой обязан выкупить акции у акционера.

2.13 Банк вправе отказать акционеру в выкупе акций при отсутствии оснований, указанных в пункте 2.11 настоящей Методики, а также в иных случаях, установленных законодательством и запрещающих осуществление Банком выкупа размещенных им акций, с направлением акционеру соответствующего уведомления об отказе в выкупе акций с указанием причин отказа.

2.14 В случае принятия решения о выкупе акций, акционеру, предъявившему требование о выкупе принадлежащих ему акций, направляется уведомление, содержащее соответствующее извещение и перечень документов, необходимых для оформления сделки купли-продажи акций.

2.15 Выкуп акций Банком осуществляется путем подписания сторонами Договора купли-продажи и регистрации сделки купли-продажи акций в порядке, установленном действующим законодательством. Договор купли-продажи акций в обязательном порядке должен содержать указание на банковские реквизиты акционера для перечисления денег безналичным путем в оплату выкупаемых акций или сведения о месте, где акционеры могут получить наличные деньги в оплату выкупаемых акций (для акционеров – физических лиц).

2.16 В случае, если количество размещенных акций общества, заявленных его акционерами к выкупу, превышает количество акций, которые могут быть выкуплены Банкам, эти акции выкупаются у акционеров пропорционально количеству принадлежащих им акций.

***Ограничения по выкупу Банком размещенных акций***

2.17 Количество выкупаемых Банком размещенных акций не должно превышать двадцать пять процентов от общего количества размещенных акций, а расходы на выкуп размещенных акций Банка не должны превышать десять процентов от размера его собственного капитала:

при выкупе размещенных акций по требованию акционера - по состоянию на дату принятия одного из указанных в пункте 2.11 настоящей Методики решений общим собранием акционеров или Советом Директоров Банка;

при выкупе размещенных акций по инициативе Банка - по состоянию на дату принятия решения о выкупе размещенных акций.

2.17 Выкупленные Банком акции не учитываются при определении кворума общего собрания его акционеров и не участвуют в голосовании на нем.

## 3. Определение стоимости акций при их выкупе по инициативе Банка или требованию акционера

3.1 При определении цены выкупа акций Совет директоров Банка вправе принять решение о выкупе акций по цене, определенной по одной из следующих методик:

- средневзвешенной цене на дату принятия Советом Директоров решения о выкупе или заявления акционера о выкупе размещенных акций на основании официальных данных АО «Казахстанская фондовая биржа» (далее Биржа). При этом средневзвешенная цена в соответствии с требованиями Правил признания сделок с ценными бумагами как заключенных с целью манипулирования ценами рассчитывается следующим образом:
  отношение суммарного объема сделок с акциями (в деньгах), которые заключены на торгах Биржи методом открытых торгов в течение последних тридцати полностью истекших календарных дней, предшествующих дате принятия Советом Директоров решения о выкупе или заявления акционера к суммарному размеру таких сделок (в ценных бумагах).
  В случае, если количество сделок с акциями, заключенных в течение указанного периода, составляет менее пяти, то средневзвешенная рыночная цена этих акций рассчитывается как отношение суммарного объема последних пяти сделок с этими акциями (в деньгах), которые заключены на торгах, проведенных Биржей методами открытых торгов в течение последних ста восьмидесяти полностью истекших дней, к суммарному размеру таких последних пяти сделок (в ценных бумагах);

- текущей рыночной цене на организованном рынке ценных бумаг на дату принятия Советом Директоров решения о выкупе или заявления акционера о выкупе размещенных акций. При этом текущей рыночной ценой признается цена последней сделки по данным Биржи на день принятия Советом Директоров решения о выкупе или заявления акционера о выкупе размещенных акций;

- по балансовой стоимости простой акции банка (при выкупе простых акций) на 1 число месяца, в котором было принято решение Совета Директоров или получено заявление акционера о выкупе. При этом балансовая стоимость рассчитывается следующим образом:

$$\text{Стоимость 1 простой акции} = \frac{\text{Собственный капитал} - \text{Номинальная стоимость привилегированных акций} - \text{Предполагаемая стоимость дивидендов на привилегированные акции}}{\textit{количество размещенных простых акций}}$$

- цене, установленной с учетом размера собственного капитала Банка, перспектив его развития, требований законодательства в части соблюдения Банком пруденциальных нормативов и с учетом иных факторов, влияющих на ценообразование ценных бумаг.

прошито и
скреплено печатью
на 12 листах